


Қалалық орталық кітапхана қорындағы 1983 жылы «Қазақстан» баспасынан шыққан «Қазақстан Магниткасы» атты кітапта сол кездегі комбинат директоры, ҚазССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, техника ғылымының кандидаты Махмұт Ақбиевтың «Биіктен биікке» деген мақаласында «Ныне многие парни из комсомольского призыва-это лучшие производственники, ветераны комбината. Навсегда вошли в семью металлургов мастер мартеновского цеха О.Калиев, оператор главного поста первого листопрокатного цеха М.Саргужин..» деген жолдар бар. Бұл білікті басшының берген жоғары бағасы.



Мерген Сарғожин туралы әдебиеттер

Алдашева, Р. Заман айнасы - замандас: [металлургия комбинат ардагері Мерген Сарғожин туралы] // Құрыш қала. - 2012.- 13 шіл. (№28).- 4 б.



Құрастырушы: АББ библиографы
Жанашева К.А.


ОК телефоны: 8(7213)98-47-60
Факс: 8(7213)44-66-81
E-mail: tcsqb@mail.ru



«Теміртау қаласының
орталықтанған кітапханлар
жүйесі» КММ

Ақпараттық библиографиялық бөлім

Қала тарихындағы есімдер



**Мерген Сарғожин
жаднама**

Теміртау, 2015

МАГНИТКА МАҚТАНЫШТАРЫ

Уақыт зымыраған сайын күні кеше ғана Қазақстан Магниткасының алып құрылысына атсалысып, комбинаттың іргетасын қалап, бар ғұмырын металлургия саласына арнаған ардагерлеріміздің қатары сиреп барады. Бүгінде көздері тірі сол майталман металлургтердің ерен еңбек пен бейнетке, зейнетке толы өмір жолдарын өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге ету, сол арқылы жастардың бойына патриоттық сезімдерді дарыту, қалыптастыру біздің басты парызымыз.

Осыған орай бүгін біз Ақтөбенің тумасы, ардагер металлург Мерген Сарғожиннің еңбек жолы жайлы сөз қозғамақшымыз.

Негізінде туған жерім, Ресейдің Орынборы, мен жеті жасқа келгенде ата-анам Ақтөбе облысына көшіп келіп қоныстанған, қазақ мектебінің табалдырығын аттап, оны 1958 жылы бітірдім. Бір күні радиодан Қазақстан Магниткасының құрылысы туралы, оған Қазақстанның және сол кездегі одақтың бар түкпірінен жастардың комсомолдық жолдамамен барып жатқаны жайында хабар тыңдап, мен де Теміртауға бармаққа бел будым. Сөйтіп, комсомол комитетінің жолдамасымен отыз шақты бозбала Теміртауға келдік, - дейді ардагер. Осылай 1958 жылы қалаға табаны тиген

ол содан бері осында тұрақтап қалды.

Елдің барлық аймағынан орта мектепті енді ғана бітіріп келген қазақ жастары Ресейдің қалаларына оқуға жіберілгені белгілі, бозбала Мерген де мамандық игеру үшін Нижний Тагил қаласына оқуға барады, ол жерде бір жыл оқып, электр кранының машинисі атанып,



1959 жылы кері оралады. Келген бетте домна цехына аспалы кран жүргізушісі болып жұмысқа орналасады. Осы жылы Теміртауда жастардың көтерілісі болғаны тарихтан белгілі, басшылық дүрбелен басылғанша бірталай жастарды Қарағандының шахталаларына шашыратып жібереді. Олардың қатарында біздің кейіпкеріміз Мерген Құсайынұлы да бар еді. Сөйтіп, алты ай №22 шахтада жұмыс істейді, соңынан Теміртауға келіп, жұмысын жалғастырады. Ал 1960 жылы комбинаттың жолдамасымен Қарағанды политехникалық институтына оқуға түседі. Бір жылдан соң Теміртауда ВТУЗ ашылып, соның кешкі бөліміне ауысып, күндіз жұмысын жалғастырады, №1 жалпақ прокат цехында прокатшы, ыстық станда оператор секілді жұмыстар істеді.

Мен Балқаштағы техникумды бітіріп, Теміртауға жолдамамен келген едім, прокат цехында Мәкенмен бірге істедім, техникалық бюрода конструктор болдым. Бізді Мәкеннің Ержан, Бекен, Бекбау секілді жолдастарының бірі Тоқтархан Ысқақов таныстырды. Содан 1968 жылы сәуір айының соңында отау көтердік. Үйлену тойымыз «Баянауыл» дәмханасында болды, - дейді сөз арасында ардагер ағаның жары Алтынжан ана.



Жас металлург Мерген мен Алтынжанның тойын бірге жүрген достары, Мергенмен бір жатақханада тұрған, қазаргі Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жүргізген екен. «Ол қашанда ақжарқын, айналасындағыларды күлдіріп жүретін, мұнысымен қоса іскер, ұйымдастырушы болатын» дейді ерлі-зайыптылар.